

**«8D02202 - Тарих» мамандығы бойынша  
Ыбырайхан Марат Ыбырайханұлының  
Философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған  
«1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының  
күнделікті өмір тарихы»  
диссертациясына  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

«1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс өзекті мәселеге, атап айтқанда, ауыл тұрғындарының күнделікті өмір тарихын өңірлік аспектіде зерттеуге арналған. Диссертациялық жұмыста Орталық Қазақстанның тоғыз ауданының аумағындағы ауыл елді-мекені тұрғындарының күнделікті өмірінің тарихын зерттеу негізінде ауыл халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мәдени-тұрмыстық ерекшеліктері, өмірлік құндылықтары және рухани келбеті көрсетілген.

Қазіргі кезеңдегі ғылыми ортада үлкен қызығушылық тудыратын басты мәселелердің бірі-адамның күнделікті өмірін жан-жақты қарастыру, ауыл тұрғындарының өмірі мен ішкі әлемін зерттеу. Бұл қызығушылықтың себептері белгілі бір кезеңдегі қоғам ішіндегі адамның ішкі, рухани келбетін анықтаудың маңыздылығымен, оның кеңістік пен ортаға байланысты ерекшеліктерін түсінумен байланысты. Сонымен қатар, жаһандық урбанизация процесімен қатар жүріп жатқан ауылдық аймақтардағы халықтың азаюы және қалалық кеңістіктегі халық санының артуы, осы процесстерге жан-жақты және мұқият ғылыми назар аударуды қажет етеді.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасындағы ауылдық елді-мекендерді қамтамасыз етудегі, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық салалардағы шешілмеген мәселелер ауылдық аумақтарды дамытудың жүйеленген, ұзақ мерзімді, тұрақты тұжырымдамасының болмауымен байланысты. Сондықтан мемлекеттік тұжырымдамалар мен бағдарламаларды қабылдау және арнайы шешімдерді әзірлеу үшін ұзақ уақыт бойындағы өзгерістерді болжауға бағытталған ғылыми зерттеулер қажет екені анық. Осылайша, аталған мәселелер зерттеушілердің осы саладағы жинақталған тарихи тәжірибені анықтауға қызығушылығын күшейте түседі. Мемлекеттік институттар мен жергілікті жердегі ауыл елді-мекені тұрғындарының ішкі әлемінің: көңіл-күйі, тарихи тәжірибе, ұлттық бірегейлік пен дәстүрді қалыптастырған әлеуметтік және басқа да айырмашылықтарды зерттеу және бағалау қажеттілігі туындайды.

Ауылдық аймақ тұрғындарының тарихта алатын орынын анықтау, сондай-ақ ауыл тұрғындарының әлеуметтік тәжірибесінің пайда болуын, қалыптасуын және дамуын талдау адам, қоғам, мемлекет арасындағы байланыстарды анықтау үшін қолданбалы маңызға ие. Сонымен қатар, қазіргі кезеңдегі өзекті мәселе ауылдық елді-мекендердегі жүріс-тұрыс ауытқуларының алдын алу, халықтың материалдық-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, сондай-ақ ауылдық аумақтарды дамытудың тиімді жолдарын іздеу болып табылады. Осындай өзекті мәселелерді шешу қажеттілігі берілген тақырыптың құндылығын арттырады және оның ұзақ мерзімді маңыздылығын анықтайды. Сонымен қатар, кешенді ғылымдық зерттеу жүргізілген диссертациядағы мәселенің маңыздылығы оның қазақстандық тарихнамада осындай тұрғыдан алғаш рет зерттелуімен де анықталады.

Диссертацияның құндылығы көптеген мұрағаттық дереккөздердің ғылыми айналымға алғаш рет енгізілуімен байланысты. Атап айтқанда, ізденуші тақырып бойынша мәселелерді зерттеу барысында жеті мұрағат материалдарымен белсенді жұмыс істеді. Диссертациялық жұмыста төрт қазақстандық архивтен – Қазақстан Республикасы Президентінің архивінен, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінен, Қарағанды облысының Мемлекеттік архивінен, Ұлытау облысының Мемлекеттік архивінен, сондай-ақ үш Ресей архивінен – Ресей Федерациясының Мемлекеттік

архивынан, Ресей Мемлекеттік Экономика архивынан, Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивынан тарихи құжаттар пайдаланылды. Диссертациялық жұмыста мұрағаттық мәліметтерге сүйену, сондай-ақ олардың көпшілігін ғылыми зерттеу кеңістігіне алғаш рет қосу жұмыстың құндылығын арттыра түседі.

Автор жарияланған деректік құжаттардың да материалдарын талдаған: статистикалық жинақтар, республикалық, сондай-ақ жергілікті, облыстық және аудандық мерзімді басылымдар, газеттердің материалдары.

Диссертациялық зерттеу үшін ауылдық аймақ тұрғындарының, оның ішінде осы кезеңдегі негізінен казактар басым қоныстанған аудандардың күнделікті өмірінің ерекшеліктерін анықтауға қажетті ауызша интервью материалдары жинақталған. Ізденуші жүргізген ауызша интервью материалдары диссертациялық жұмысты жұмыс жазу барысында белсенді қолданылады. Жалпы, ізденуші Орталық Қазақстанның ауылдық аймақтарының 121 тұрғынымен сұхбат жүргізді, оның ішінде казактар – 107 (88%), еуропалық ұлттардың өкілдері – 14 (12%), ерлер – 61 (50%), әйелдер – 60 (50%). Сұхбаттасушылардың арасында 1930-1940 жылдары туылған 83 жастан асқан адамдар саны – 33 (27%), сонымен қатар 1940-1950 жылдары туылған, 73-83 жас аралығындағылар – 46 (38%), 1950-1960 жылдары туылған, 63-73 жас аралығындағылар – 42 (35%). Ауызша интервью материалдары дереккөздерді толықтыра түсіп, тұжырымдар мен қорытындылардың ғылыми негізін нығайта түседі, автор жұмыста ауылдық елді-мекендердегі өмірдің толық және шынайы бейнесін ұсына отырып, әртүрлі дереккөздерге салыстырмалы талдау жүргізеді.

Өзіндік сараптамалық есептеулер мен тұжырымдардың болуы және әр түрлі материалдан құралған мазмұнды дереккөздер кешенін ескере отырып, М.Ы. Ыбырайханның диссертациясының зор маңыздылығын атап өтуге болады.

Диссертациялық зерттеу барысында зерттеуші кеңестік тарихнамаға, шетелдік және қазіргі заманғы қазақстандық авторлардың еңбектеріне және олардың күнделікті өмір мәселелері бойынша ғылыми жұмыстарын басшылыққа ала отырып, теориялық-әдіснамалық плюрализм қағидаттарына сүйенген. Ыбырайхан Марат өзінің зерттеуінде жүйелілік, логикалық, хронологиялық реттілік, проблемалық, тарихилық, пәнаралық принциптерді басшылыққа алған. Зерттеудің арнайы тарихи әдістері де қолданылған: идеографиялық, тарихи-типологиялық, микротарихилық, тарихи-салыстырмалы, проблемалық-хронологиялық және т. б.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, мақсаты және міндеттері нақты көрсетілген, мәселенің тарихнамасы қысқаша баяндалып, дереккөздер кешені, әдістемелік негіз, зерттеу объектісі және пәні, жұмыстың жаңалығы және қорғауға ұсынылған тұжырымдар келтірілген.

Диссертацияның бірінші бөлімі күнделікті өмір мәселелерін зерттеудің теориялық негіздерін көрсетеді (теориялық-методологиялық негіздер, тарихнамалық талдау және деректер кешенінің толық сипаттамасы). Екінші бөлімде өңірдің экономикалық сипатын жалпылама аспектілермен сипаттаған және этнодемографиялық ерекшелікті өңірішілік өзгешеліктермен көрсету арқылы Орталық Қазақстан аумағына сипаттама берілген. Үшінші бөлім әлеуметтік және материалдық-тұрмыстық мәселелер (тұрғын үй, табыстер, тамақтану және тұтыну, сауда, жеке қосалқы шаруашылық) тұрғысынан ауылдық аймақтардағы адамды зерттеуге бағытталған. Төртінші бөлім адамдардың әлеуметтік мәселелері мен рухани әлеміне (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және өнер) арналған.

Алынған нәтижелерді негіздеуде автордың негізгі тұжырымдамалары мен дәлелдері нақты көрсетілген. Атап айтқанда, ізденуші алға қойған мақсатына сәйкес он екі міндетті шешу барысында қорғауға ұсынылатын он екі тұжырымды анықтап, он екі нақты қорытынды жасады. Сондықтан міндеттер, тұжырымдар мен қорытындылар арасында тығыз байланыс байқалады.

Ыбырайхан Мараттың зерттеу ұстанымы жұмыстағы тұжырымдар мен қорытындыларында көрінеді. Тақырыпты зерделеу барысында Орталық Қазақстан мысалында XX ғасырдың 60-80-ші жылдарындағы ауылдық өңірлер келбетінің өзгеруіндегі негізгі республикалық және одақтық үрдістер анықталған және ұсынылған.

Жалпы алғанда, «1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихы» диссертациялық жұмысы қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді, дербес зерттеу болып табылады деп қорытынды жасауға болады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Ыбырайхан Марат Ыбырайханұлының диссертациялық жұмысын 8D02202-Тарих мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші:**  
Алтай мемлекеттік педагогикалық  
университетінің профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы

Т.К. Щеглова



Подпись(и)

*Щеголова Т.К.*

**ЗАВЕРЯЮ**

Ведущий специалист по кадрам отдела работы  
с личным составом Управления кадров

Т.А. Гончарова

Дата заверения

*18.09.2023*